



«БІЗГЕ ШЫН МӘНІНДЕ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ КЕРЕК»

– Билік органдары тарапынан экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі туралы көп жылдан бері айтылып келе жатыр. Қазақстанның қазіргі экономикалық даму моделі қандай?

– Қазір шынын айту керек қандай экономикалық модельде екеніміз түсініксіз жағдайда. Оны тіпті модель деп те айтуға келмейді. Қайда бара жатқанымызды ешкім көрсете де, бағамдай да алмай отыр. Өйткені мемлекеттің нақты бір дамуын айшықтайтын, алдағы 10-15 жылдағы Қазақстанның болашағын көрсететін ешқандай стратегиялық құжат жоқ. Бірінші Президенттің кезінде «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» бар деуші едік. Қазір ол тақырып мүлде айтылмайтын болды. Өйткені 2030-ға 5 жыл қалды. Қазіргі бар құжат тек өткен жылы қабылданған 2029 жылға арналған Президенттің даму стратегиясы ғана болып тұр. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президенттік кезеңдегі уағына арналған стратегиялық құжат ретінде көрінеді. Ондағы жалпы ішкі өнімді 450 млрд долларға жеткіземіз деген мақсат қазір арман сияқты болып тұр.

– Үкімет оны жасаймыз деп отыр ғой...

– Оны инфляцияның күшімен тауарлардың бағасының өсімі арқылы жасауды ғана көздейтін сияқты көрінеді. Ол экономиканы жақсылыққа әкелмейді. Халықтың жағдайын ешқандай түзмейді. Еліміз кедейленген сайын кедейленіп жатыр.

Жақында Алматыда өткен экономикалық форумда бізге көкжиекке қарай нақты бағытталған, қайда бара жатқанымызды нақты айқындайтын бағыт-бағдар керек деген ой айтылды. Ол халықтың көңіліне сенім ұялататындай, жүректерінде үміт отын жаға алатындай, мемлекетке деген сенімін туғыза алатындай бағдарламалық құжат болуы керек деп. Үкіметтің жасап отырған дүниесі қаншалықты дұрыс деген мәселелер де айтылды. Сонда маған мына бір пікір ұнады. Үкімет халыққа, бизнеске қарата айтып жатыр. Сен өзгересің не өлесің деп.

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАСҚҮН ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Көктем басталғалы төтенше жағдай қызметі мен жергілікті әкімдіктер су тасқыны қаупіне халықпен қатар алаңдаушылық танытып, ерте көктемнен қам жасауда.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАҒЫЛЫМ

ҚАЗАҚ СОТЫ, ЫАКІМ АБАЙҒА ҰҚСАП БАҚ!

Әділет әңгімесін Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» поэмасындағы «Алашорда бір бөлек, қауымның ойы өзгереді» деген жолдарындағы «қауым» атауының арғы, түпкі сүйегі латын тіліндегі «sekw» сөзінің «соңында болмақ» деген мағынасынан бастасақ жөн болар. (Шәкәрім шығармалары.1988. 343 б.)

Ағылшын ғалымы М.Маннның түсіндірмесіне сай «sekw» түбірінен шыққан «societas» (қоғам) ұғымының сол замандағы мағынасы: «рим империясының соңынан соғысқа ерген жат жұрттық одақтас».

Шәкәрім өз поэмасында XVII ғасырдан үшінші Рим деп аталуды қалаған Ресей империясына қарайтын Семей губерниясында 1918 жылы Алашорда сотында қаралған азаматтық істің жайын суреттеген. Архивтерде істің хаттамасы, қағазға түскен шешімі сақталмаса да, сот отырысында төрағалық қылған судья Шәкәрім Құдайбердіұлының сот процесі туралы құқықтық есебі «Мұтылған өмірінің» мәтінінде бар.

Шәкәрім поэмада 1918 жылғы азаматтық соғыс кезіндегі қазақ сотының саяси-құқықтық

мүшкіл ахуалын бір-ақ ауыз сөзбен жеткізеді: «Ұялмай сот боп отырдық, құр атаққа нанғанбыз». Алаш сотының тағдырын қысқаша баян еткеннен кейін Шәкәрім 1918 жылдың күзінде өткен азаматтық іске ерекше тоқталады: «Тағы да мұның үстіне, бір ауыр іс түсті де, Ордамыз у ішті де, партия шықты жалғансыз. Болды десең кім үшін, Белгібайдың қызы үшін, мұғалімнің жүзі үшін. Көбіңіз естіп қанғансыз. Алашорда бір бөлек, қауымның ойы өзгереді».

Шәкәрімнің көпшілікке қарата айтқан «Көбіңіз естіп қанғансыз» деген сөзі істің мән-жайына әбден жетік, емін-еркін білетін, қазақтың көне қанұндық нормаларынан хабары бар, сауатты замандастарына арналғандығын архив деректері дәлелдейді.

Архив деректері бай Белгібай атынан

мұғалім Ғабдолла Қоскеевтің үстінен түсірілген арыздың «Алаш-Орда» сотында әділ қаралуына қол жеткізуге ықпал еткен де қазақ қауымының ерік-жігері екендігін бекітеді.

Адам жады да архивтің бір нұсқасы болып есептеледі, сол себепті оқиға шымылдығын Шәкәрімнің ұлы Ахаттың естелігімен ашалық. Ахат 1918 жылдың қыркүйек айында Семейге оқуға келген бетте Белгібай байдың қызы бір мұғаліммен қашып кетті дегенді естиді. Ертенінде Жаңасемейдің базарында жүргенінде екі қазақ солдаты екі-үш күн бұрын қашып кеткен қызды арбаға отырғызып, беті көкала, жарылған басы қан орамалмен байланған жігітті ұрып-соғып, жаяу айдап Белгібайдың қоңыр шатырлы үйінің қақпасына кіргізгенін көреді. (Шәкәрім. Энциклопедия 2019. 793 б.)

Қақпа алды у-шу, қым-қуыт айқай, егес. Байдың намысын қорғаушылар мен мұғалімге араша түскен жұрттың тартысы. Топты кимелеп қақпаның алдына орысша киінген он шақты жас келді. Оның ішінде өзі танитын

Мұхтар Әуезов бар. «Қақпаны ашыңдар, кісімізді беріңдер» деген жастарды салт атты белгілі қызметкер Халел ығыстыра бастайды деп еске алады куә Нұрпейіс Ысмағұлов. (Біздің Мұхтар. Алматы 1976. 389 б.)

Белгібай байдың қақпасы алдындағы мұғалімге араша түскен қазақ жастарының басшысы Мұхтар Әуезов Семей қаласындағы «Жанар» қоғамдық ұйымының төрағасы еді.

М.Әуезов 1918 жылдың 5-13 мамырында Омбы қаласында өткен «Всероссийский съезд младоказахских организаций» деген жиынға Семейдегі «Жанар» жастар қоғамының атынан қатысқан болатын.

Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылдың 16 мамырындағы тергеуде берген жауабында: «Жанар» жастар қоғамы «Алаш-орда» комитеттері құрыла бастаған кезде бұл қозғалысқа қолдау көрсеткенмен, кейбір тұстарда олардың қарым-қатынастарында түсінбеушіліктер де орын алған.

(Жалғасы 4-бетте)

2-бет



Қоғамдық жұмысқа тарту – жаңа әкімшілік жаза

6-бет



Сапарғали ЖҰМАҒҰЛОВ,
Шымкент қаласы және
Түркістан облысы
бойынша
Қылмыстық-атқару
жүйесі департаментінің
бастығы:
«Цифрлық
бақылау
түрмелердегі
қауіпсіздікті
күшейтеді»

8-бет



Қиямет

МЕДИЦИНА

МӘМС: МЕДИЦИНА ҚАШАН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ?

Депутаттар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша заң жобасымен жұмысты бастады. Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде жобаның таныстырылымы өтті. Жиынға комитет төрағасы Асхат Аймағамбетов жетекшілік етіп, Мәжіліс вице-спикері Дания Еспаева қатысты.

Дания Еспаева міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізгілі бес жыл өтсе де медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі айтарлықтай жақсармағанын баса айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы аталған заң жобасын осы сессияның соңына дейін қабылдауды тапсырғанын еске салып, ол бойынша жедел жұмыс ұйымдастыруды сұрады.

– Сақтандыру жүйесінің қордаланған мәселелері бойынша азаматтар, әсіресе, сақтандыру жарнасын төлеп, бірақ сапалы медициналық көмекті толық ала алмай отырған адамдардан көптеген өтініш түсуде. Сақтандыру жүйесінің қаржылық моделінде теңгерімсіздік байқалады, медициналық ұйымдар уақытылы қаржыландыруда үнемі қиындыққа тап болады. Бұл өз кезегінде науқастарға да әсер етеді, – деді Д.Еспаева.

Заң жобасы бойынша Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады. Оның айтуынша, МӘМС жүйесін енгізгеннен бастап денсаулық сақтауды қаржыландыру үш есеге өскен. Оның ішінде МӘМС жүйесі қаражатының үлесі 0,4 трлн теңгеден 1,3 трлн теңгеге дейін ұлғайған.

– Жүйедегі мына проблемалар әлі де өзекті: азаматтардың МӘМС жүйесімен қамтылуының төмендігі және медициналық көмектің аралас пакеттерін әкімшілік басқарудың күрделілігі. Қазір денсаулық сақтауды қаржыландыру аралас бюджеттік-сақтандыру моделі бойынша жүргізіледі. Дегенмен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі және МӘМС пакеттерінің болуы әкімшілік басқаруды қиындатып, толыққанды сақтандыру жүйесіне көшуді баяулатып отыр, – деді А.Әлназарова.

Министр медициналық көмекті пакеттер бойынша жасанды бөлу проблемасын шешу үшін 2026 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакетінен негізгі міндеттемелерді МӘМС жүйесіне ауыстыру арқылы кезең-кезеңімен біріктіру-



ді ұсынды. Бұл ретте медициналық қызметтердің мына түрлері қолжетімді болып қала береді: вакцинация және онкологиялық скринингтер, әлеуметтік мәні бар ауруларға күдіктенген жағдайдағы диагностикалар, жұқпалы аурулар кезіндегі медициналық көмек және басқалар.

– 2026 жылы 1 қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне жарналарды есептеу үшін базаның жоғарғы шегін арттыру ұсынылады. Бұл өзгерістер барлық жалдамалы жұмысшы мен оларға жұмыс берушілердің шамамен 9 пайызына қатысты. Себебі қазір табысы жоғары адамдар пропорционалды түрде аз төлейді, – деді А.Әлназарова.

Министрдің ақпаратынша, бүгінгі күні шамамен 16,7 млн адам сақтандырылса, оның 12,1 миллионы жеңілдікті санаттарға жатады, 3,3 млн адам МӘМС жүйесінен тыс қалған. Бұдан бөлек ресми тіркелген жұмыссыз азаматтардың МӘМС жарналарын төлеу шығындарын жергілікті бюджетке жүктеу ұсынылып отыр. Осы шаралардың есебінен 2026 жылы МӘМС жүйесімен қосымша 1 миллионнан астам адамды қамтуды жоспарлаған.

Депутаттар заң жобасын пысықтауға қатысты ұсыныстарын айтты. Мысалы, азаматтардың сақтандыру төлемдерін жеке шоттарына жинау мүмкіндігін қарастыру, МӘМС жүйесі бойынша ем алу шараларына арналған қосымша ашу, Face ID қолдану, кәсіпкерлерге түсетін жарна жүктемесін саралау, сақтандыру төлемдерін жүйелендіру және басқалар ұсынылды. Депутаттар Үкіметтің МӘМС бюджетін ұлғайту арқылы ТМҚКК бюджетін қысқарту туралы ұсынысына алаңдаушылық білдірді.

**ҚР Парламенті мәжілісінің
баспасөз қызметі**

лау керек. Кез келген маман емес адам кіріп, ол жерден дұрыс емес тұжырым жасап, желіге салып жіберсе, әлеуметтік негативті әсерге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл тек мамандарға арналған, мамандар өздері талқылап, бір келісімге келеді, – дейді бастама авторлары.

Су ресурстары және ирригация министрі Цифрландыру департаментінің бас сарапшысы Әлихан Сәлімжановтың хабарлауынша, қазір Батыс және Қостанай облыстарында су тасқынының қауіпті кезеңі аяқталды. Солтүстік, Орталық және Шығыс аймақтарда қар еріп жатыр. Ал жүйе жыл бойы жұмысын жүргізе береді.

– Су тасқынынан бөлек, жазғы қуаңшылық мәселесі бар. Ол жыл сайын енгізіліп отырады. Бұл деректер бізге қысқа мерзімде, ұзақ мерзімде әрбір көл-өзендерге жақсы болжам жасауға көмек етпей береді. Мысалы, қазір еліміздің үлкен проблемасы – Аралдың тартылуы. Тасқын ақпаратының арқасында болашақ жылдарда басқа да өзен-көлдерге анализ жасап, отырады. Қазіргі басты мақсат – әр өзен-көлге, су өтетін жерлерге датчиктерді қойып, су өлшеу деңгейі болсын, су көлемі болсын, толық деректерді жинау. Жалпы жүйе өз тиімділігін көрсетті, – дейді Әлихан Сәлімжанов.

Бүгінгі таңда өңірлерде су басу қаупін азайту жұмыстары белсенді жүріп жатыр. 1 наурыздан бері Төтенше жағдайлар министрлігі мен жергілікті органдар 2 миллионнан астам текше метр су сорып, 500 мыңға жуық қапшық, 42 мың тонна инертті материал төсеген. Іс-шаралар аясында 800 шақырымнан астам су бұру арықтары тазартылған.

**А.МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

«ЦИФРЛЫҚ АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

2025 жылдың 31 наурызында Әділет министрлігі азаматтардың құқықтарын қорғауға және нотариустардың атқарушылық жазбалар жасаған кезде белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған «Цифрлық атқарушылық жазба» пилоттық жобасын іске қосты.

Жобаның негізгі жаңашылдықтары ретінде мынадай басымдықтарға мән берілуде:

* Қарсылық білдіру процесін цифрландыру. Борышкерлер атқарушылық жазбаға «Мобильді үкімет» ақпараттық жүйесі арқылы өздерінің жеке кабинеті арқылы онлайн түрде дау айта алады.

* Процедураларды автоматтандыру. Қар-

сылықтар электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалану арқылы электронды форматта беріледі.

* Аумақтық принципті сақтау. Жүйе нотариалдық әрекеттердің аумақтық байланысын ескере отырып реттелген.

* Өндіріп алудың ашықтығы мен заңдылығы.

Жаңа механизм атқарушылық жазбалардың заңдылығын бақылауды қамтамасыз етеді және азаматтар мен ұйымдардың нотариалдық қызметтерге цифрлық форматта қолжетімділігін жеңілдетеді.

Пилоттық жоба 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жұмыс істейді.

**ҚР Әділет министрлігінің
баспасөз қызметі**

КЕҢЕС

ЖИ-дің БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын интеграциялау мәселелері бойынша кеңес өтті.

Кеңес барысында мемлекеттік білім беру стандарттарын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Барлық білім деңгейінде – бастауыштан бастап жоғары білімге дейін жасанды интеллектке қатысты тақырыптарды оқу бағдарламаларына енгізу қажеттілігі талқыланды.

Ермек Көшербаев білім беру жүйесіне заманауи технологияларды енгізу – саланы жаңғырту мен оқыту сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам екенін атап өтті.

«Жасанды интеллектті қолдану оқушылар мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Біздің басты міндетіміз – осы технологияларды оқу үдерісіне тиімді әрі қауіпсіз түрде енгізуге жағдай жасау. Бұл үшін сапалы цифрлық инфрақұрылым мен сенімді деректерді қорғау жүйесі қажет. Біз өзімізден бір саты жоғары тұратын білімді, техникалық жағынан сауатты және болашақтың сын-қатерлеріне дайын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек», – деп атап өтті вице-премьер.

ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу ғылыми қызмет пен білікті мамандар даярлауда жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

«Жасанды интеллект білім беру ортасы-

ның ажырамас бөлігіне айналып келеді. Ол тек оқыту процесін жекелендіріп қана қоймай, ғылымдағы зерттеу тәсілдерін дамытуға да ықпал етеді. Студенттер дайын шешімдерді ғана пайдалануы қоймай, бұл технологиялардың жұмыс істеу қағидаларын түсініп, оларды түрлі салаларда бейімдеп, қолдана білуі маңызды», – деді Динара Щеглова.

Кеңес қорытындысы бойынша Ермек Көшербаев тиісті мемлекеттік органдарға білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын интеграциялау бойынша белсенді жұмысты жалғастыруды, бұл үдерісте жетекші сарапшыларды тартуды және халықаралық тәжірибені зерттеуді тапсырды.

Білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл бастамаларды іске асыру заманауи білім беру ортасын дамытуға, жоғары білікті мамандар даярлауға және Қазақстанның цифрлық технологиялар мен инновациялар саласындағы позициясын нығайтуға бағытталған кешенді бағдарламалар мен стратегиялық міндеттер аясында жүзеге асырылады.

**С.АСҚАР,
«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

TASQYN ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Былтыр елдің әр өңірінде су тасқыны болғанда, апаттың алдын алатын ақпараттық жүйе жасау идеясы ұсынылған. Осылайша мамандар көктемгі су тасқынын болжайтын Tasqyn жүйесін жасап шығарды.

«Қазақстан ғарыш сапары» ҰҚ» АҚ Кеңістіктік деректерді талдау департаментінің директоры Берік Рахымжановтың айтуынша,

– О баста Tasqyn – Шығыс және Орталық Қазақстанда кішкентай аудандарда ғылыми жұмыс негізінде жасалған модельдер еді. Оны былтырғы мамыр айынан бастап қолға алып, жыл соңында өндірістік қолдануға бердік. Осылайша, қазір Tasqyn жүйесі елді мекендердің ғарыштан түсірілген суреттерін, «Қазгидромет», Су ресурстары министрлігінің және жаһандық GloFAS моделінің ақпаратын жинақтайды және күн сайын 251 гидробекеттің, яғни 251 өзеннің су деңгейін бақылап отыр».

Департамент директоры сондай-ақ, 251 гидробекет бойында 330-дан астам елді мекен бар екенін, олар Төтенше жағдайлар министрлігі белгілеген 1 223 су басу қаупі бар елді мекен қатарында тұрғанын айтты. «Жыл сайын су басу қаупі бар елді мекендер анықталып, болжамға қарай ауысып отырады. Қазіргі кезде ақпараттық жүйе 251 гидробекет бойынша дерек беріп отыр» – дейді басшы.

– Tasqyn-ға төрт дереккөзден ақпарат келіп түседі және

барлық ақпарат салыстырып қаралады. Ақпарат көздері бір-бірін түзетіп отырады, яғни су деңгейінің биіктігі мен ең көп судың келетін уақыты болжанады. Мемлекеттік органдардың бір-бірімен келісіп шешім қабылдауы деген осы. Бәріміз ортақ бір уақытты белгілейміз, онымен әртүрлі саладағы мамандар келісуі керек. Содан кейін ғана бұл елді мекенде қауіп мәртебесі анықталады және сол өңір басшылығына хабар жіберіледі, – дейді Б. Рахымжанов.

Мамандардың айтуынша, Tasqyn жүйесі көрші мемлекеттердің гидробекеттеріне бақылау жасамайды. Дегенмен олардан келетін су жіберу жоспары мұнда да ескеріледі. Мәселен, Ресей территориясында су қоймаларынан қандай су шығыны болатыны, оның күнделікті жоспары бар. Соның нәтижесінде мамандар, мәселен Орал қаласында судың жоғары деңгейі қай күні болатынын бағамдай алады. Қазақстан халықаралық келісімдер аясында Қытай, Ресей және Орталық Азия елдерімен су тасқыны бойынша жедел ақпарат алмаспады.

– Бұл жерде әр тараптың өз функциясы бар. «Қазақстан ғарыш сапары» – жүйелік интегратор, біз Tasqyn жүйесін жасап шыққан соң, әрі қарай оған мемлекеттік органдар арнайы логин-пароль арқылы кіріп, жұмыс істей алады. Бұл ақпарат өте сезімтал болып келеді. Өйткені су деңгейінің биіктігі, оның шығын көлемін тек мамандар ғана талқы-

ТАҒЫЛЫМ

ҚАЗАҚ СОТЫ, БАҚІМ АБАЙҒА ҰҚСАП БАҚ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның бірі, Белгібай қызы мен мұғалім Ғабдолла Қоскеевтің ісі еді» депті. (Алашорда ісі. 1920–1940 жж.12-томдық. 1- том. 153 б.)

Семейдегі Алаш қаласының байлары ереуілге шығып, мұғалімді қамауға алып, Алаш-Орданы оны жазаға тартуды талап еткен. «Жанар» қоғамы мұғалімге араша түсіп, сол кездегі Алаш полкінің басшысы Хамит Тоқтамышевке жүгініп, мұғалімді босатып алады. Байларды жақтаған «Алаш-Орда» Тоқтамышев пен жастардың іс-әрекетіне сөгіс жариялайды.

Алаш-Орда сотында Белгібайдың қызы мен мұғалім Ғабдолла Қоске-



Сурет «adyrna.kz» сайтынан алынды

мәжбүрлеу. Мұғалім Ғабдолла Қоскеевтің тағдырына алаңдаған Затон мен Жаңасемей халқы да Шәкәрімге бір ақсақал, бір мұғалімді елші ретінде жібергенде Шәкәрім: «Істі олардың берген жауаптары шешеді. Біз ардан, адамдықтан аттап, билік айтпаймыз» деп оларды да шығарып салады.

Ертеңінде сот тергеуінде Белгібайдың қызы: «Мен бұрынғы атастырған жеріме бармаймын, оған ырза емеспін. Басыма бостандық берсеңіздер, осы мұғаліммен қосылғым келеді» деп жауап берген.

Сот «Қыздың басына бостандық берілсін, өзі сүйген адамына барсын» деген шешімін «Алаш-Орда» ауыр қабылдаған соң, Шәкәрім ауылына қайтып, онда аз ғана күн кідірмей, елсізге қарай өтіп кеткен.

Шәкәрім бас адамдар мен байлардың бопсалауына қарамай қабылданған сот шешіміне поэма мәтнінде жазбаша түсіндірме де беруді ұмытпайды: «Алашорда бір бөлек, қауымның ойы өзгереді. Аз нәрсені қылып кек, таза ақылдан танғансыз».

Тәуелсіз соттың төрағасы Шәкәрім «Таза ақылдан танғансыз» деген сөзінің кімге арналғанын да жазып кеткен: «Айта алмайсың дұрысын, алаяқ бәрін, ұрысың. Жуанды сүйеп ел жеген, басшыларың құрысын» дейді. (Шәкәрім. Иманым. «Арыс» баспасы. 2000. 138 б.)

Дінсіз таза ақылға қызмет қылған Шәкәрімнің бұл сыны Абайдың «Бай сейілі» өлеңіндегі ел басыларын: «Танымадық, жарымадық, жақсыға бір іргелі. Қолына алып, пәле салып, аңдығаны өз елі» деген бағалауымен үндесіп жатыр.

Шәкәрім өмірде де, өнерде де ұстазы Абайға ұқсап баққан, Абайдың таза ақылының соңында болмақты берік ұстанған. Белгібай қызының сотында да Шәкәрім қазақтың ұлттық құқығының қорғаны Абайдың: «Біреудің қызын алып, малға сатып, баяғыны іздеген қандай құрғыр?» деген ақылымен жүрген.

Қазіргі нән нәпсісін тыя алмаған, таза ақылдан танған, ар ашаршылығының алдында рухани жалаңаш тұрған адамзат дәуірінде адал соттың атын жоймастың амалы – Абайға ұқсамақ, соның соңында болмақ.

Марат АЗБАНБАЕВ

Қазіргі нән нәпсісін тыя алмаған, таза ақылдан танған, ар ашаршылығының алдында рухани жалаңаш тұрған адамзат дәуірінде адал соттың атын жоймастың амалы – Абайға ұқсамақ, соның соңында болмақ.

евтің азаматтық ісінің қаралу барысы мен істегі тараптар жөніндегі әңгімені Ахат сөзімен жалғастырайық.

Белгібайдың көк көз, қызыл сары қызы – Абайдың ұлы Мағаштың қызы Үәсиланы алған Тобықты Мәмбетей еліндегі Қарамырза Кәкеннің ағасының баласына айттырылған қыз. Мұғалім Ғабдолла Қоскеевтің үстінен «Алаш-Орда» сотына Белгібай берген талап-арызда: «Қызымды тартып алып қашты, тереземді шағып, мүлкім алды. Іздеу жолына қанша пұлым шықты» делінген.

Іс сотта қаралар түнде Шәкәрім қонып жатқан Үдерінің үйінің терезесін қаққан екі жас жігіт соттың төрағасына «Алаш-Орданың» басты азаматтарының сәлемін жеткізеді: «Белгібайдың қызын бір мұғалім 2-3 күн болды алып кеткен еді. Соны бүгін тапты. Соған сіз ертең билік айтасыз. Қызды бұрынғы атастырған орнына қалдырсын да, мұғалімге жаза кесетін болсын».

Алаштың басты азаматтарының сот Шәкәрімге жолдаған талаптары Есболат руынан шыққан Бұғылы болысының байы Оразбай Аққұлыұлының «Алаш-Орда» үкіметінің алдына қойған шартына келісуге мәжбүр болғандығынан шығып отыр.

Қарамырза елі Оразбайдың билігіне қарағандығынан Кәкеннің ағасының баласына айттырған қызды ауылдағы Аққұлыұлы қаладағы Белгібайдың қызын өзінің жесірі деп жариялайды да, Семейге інісі Ыспанды жұмсап: «Мен Алашқа қырық ат берем. Жесірімді қайтартып берсін. Әйтпесе кетісем» деп «Алаш-Орда» үкіметіне шарт қояды.

Оразбай – өзі заң, өзі сот. Қағысқанды қазақтай қақпақ. Мықты тоқпағы – қаржы күші. Мақсаты – қаржы алып қарызға батқан үкіметті тәуелді етіп, еркін сотты үркітіп, үрейлендіріп өз ырқына көндіру. Оразбай ойы – даудың анық-қанығы сұрауда, қағуда ашылатын сот тергеуін күтпей-ақ, сотты өз айтқанына

ПАЙЫМ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ҚЫР-СЫРЫ

Қ ұ қ ы қ - тық, зайырлы мемлекетте заң ортақ, сот алдында азаматтардың бәрі теңдей. Мемлекетте әділеттілік қалыптасып, азаматтардың құқығы мен бостандығы мінсіз қорғалуы үшін заң сауатты дайындалып, сот тура төрелік жасауы керек. Осы ретте әрбір істің сапалы қаралып, екі тараптың көңілінен шығатындай әділ түйінделуі азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтатыны талассыз.



Соттың қылмыстық жаза тағайындауының өзіндік тәртібі бар. Қылмыстық жаза – судья жұмысының түйіні, күрмеуі қиын істі терең таразылаған қазылық еңбегінің жемісі. Төрелік жасаған кезде судья жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына мән береді. Мемлекет атынан төрелік ету құзыреті берілген судья сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамайды, әрбір қылмыстық әрекетті заңға сәйкес бағалайды.

Жаза белгілеудің жауаптылығы зор. Себебі жаза әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруі, сотталғандарды түзеуге жол ашуы, қылмыс-

тық құқық бұзушылыққа тосқауыл қоюы тиіс. Сонымен бірге жазаның заңдылық, адамгершілік, әділеттік принциптеріне сәйкес келуі еді.

Қылмыстық жаза тағайындағанда азаматтардың белгілі бір тобына жеңілдік барын да естен шығармағанымыз жөн. Айталық, он сегіз жасқа толмай қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға, әйелдерге, сондай-ақ алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге қатысты үкім шығару кезінде соттар ҚК-нің 46 және 56-баптарында көзделген бас бостандығынан айырудың мерзімдеріне қатысты ерекшеліктерді еске-

реді. Осы бапта дәйектелгендей, әйелдерге, олардың қылмыс жасаған кездегі жасына қарамастан, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайды. Осындай заңдық жеңілдікке кәметке толмаған құқық бұзушылар да ие.

Қылмыс жасады деп танылған адамдарға мынадай негізгі жазалар қолданылады: айыппұл салу; белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; қоғамдық жұмыстарға тарту; әскери қызмет бойынша шектеу; бас бостандығын шектеу; қамау; тәртіптік әскери бөлімде ұстау; бас бостандығынан айыру. Негізгі жазадан басқа арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік марапаттарынан айыру; мүлкін тәркілеу секілді қосымша жазалар да қарастырылған.

Жалпы алғанда, қылмыстық жазаны белгілеудің мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіріп қоймай, сотталған адамды түзеуге және жаңа қылмыстардың алдын алуға бағытталды.

Әнуар ҚУАНАЛИЕВ,
ҚР Бас прокуратурасы
жанындағы құқық қорғау
академиясының
аға оқытушысы,
Әділет кеңесшісі

ГЕНДЕР

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуын қамтамасыз ету жолын ұстанып келеді. Экономикалық еркіндік үшін тең мүмкіндіктерді пайдаланудың маңызы зор. Дамыған, озық елдерде орта ғасырлардан бері билік құрылымына әйелдер мен ерлердің бірдей қатысуы, отбасындағы тең құқықтар мен міндеттердің сақталуы мәселелеріне аса үлкен мән беріледі. Бұл қоғам дамуында әйелдердің рөлінің маңызды екенін білдіреді.



ҚАБІЛЕТТІ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУІНЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

Мемлекетімізде гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Гендерлік саясат аясында бізде ауқымды мәселелер өте көп. Оның ішінде ата-аналардың бала алдындағы жауапкершілігінің төмендігін, ажырасулар және некесіз бала туу, балаға алимент төлемеу және ең ауыры – әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жиі кездестіріп жатамыз. Білімді, қабілетті қаншама әйел отбасылық жағдайға байланысты кәсіби өсу жолын құрбан етіп жатады. Бұл жалпы қоғамның гендерлік саясатқа әлі де үлке қарауының салдары.

Гендерлік теңдік деңгейі жоғарылаған сайын, отбасы мүшелерінің әрқайсысының тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе-теңдігі де жоғары болатынын түсінуге тиіспіз. Мұны әрбір отбасы түсінуі керек.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің теңдігі мен қауіпсіздігін қорғауға, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған игі істерді барынша қолдап келеді. Әйелдердің өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндік беріп отырады. Әйелдер құқығын қорғау және олардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, құқықтық өмірге араласуын арттыру мақсатында Конституциядан бастап, көптеген заңнамалық актілер қабылданды. Еліміздегі әйелдер мен ерлердің тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етуге, әйелдердің экономикалық және саяси белсенділігін арттыруға негізделген жобалар аз емес. Әр салада, түрлі бағыттарда әйелдердің рөліне немқұрайлы қарау әлдеқашан тоқтатылған.

Гендерлік саясаттың оң нәтиже-

лерінің бірі – әйелдердің мемлекеттік басқару ісіне белсенді араласуы. Қазіргі таңда Парламентте, Үкіметте, құқық қорғау органдарында, кәсіпкерлік салада, ірі кәсіпорындарда және сот жүйесінде әйелдердің үлесі жылдан-жылға артып келеді. Бүгінде судьялардың айтарлықтай бөлігін әйелдер құрайды. Олардың кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі сот төрелігінің әділдігі мен объективтілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, әйел судьялар – отбасы, кәметке толмағандар және әлеуметтік қорғау мәселелеріне қатысты істерді қарауда ерекше сезімталдық танытады.

Гендерлік саясаттың нәтижесінде Қазақстанда әйелдердің еңбек нарығындағы мүмкіндіктері кеңейді, заңнамалық тұрғыда олардың құқықтары нығайтылды, сот-құқық саласында олардың кәсіби біліктілігін дамытуға жағдай жасалды. Бұл саясаттың басты мақсаты – ерлер мен әйелдердің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, әділетті және тұрақты қоғам құру.

Алдағы уақытта Қазақстанда гендерлік теңдікті одан әрі дамыту, әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы белсенділігін арттыру және олардың құқығын толыққанды қорғау негізгі басымдықтарының бірі болып қала бермек. Әйелдер құқығы мен отбасылық құндылықты қорғау біздің ел үшін әрдайым өзекті. Отбасы мәртебесін арттыруға, гендерлік теңдікті сақтау жұмысын одан әрі дамытуға, жетістіктер мен перспективаларға жол ашып, бірлескен жұмысқа жаңа серпін беріп отыруға әрбір азамат мүдделі болу керек. Сонда біз отбасылық зорлық-зомбылық, әйелдерге тұрмыстық доғсауыл қою секілді мәселелерді теңгеріп боламыз.

Гүлфайруз ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының
судьясы

ПӘРМЕН

ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

Ата-анасы баласын өмірге әкелгенде жаман болсын деп тәрбиелемейді. Баланың қандай болуы отбасына да, жүрген ортасына да байланысты. Алайда, кейбір бала өскенде отбасынан алған тәрбиесін басқаға айырбастап, жаман жолға түсуі мүмкін. Соның бірі – ұрлық.

Ұрлықтың қай заманда болсын қоғамға әлеуметтік әсерінен бөлек, саяси салқыны, мәдени зардабы орасан. Ең жиі кездесетін құқық бұзушылықтың бірі – меншікке қарсы қылмыс, ол тек қоғамда емес, мемлекетке де материалдық зиян келтіреді. Жеңіл пайданы көздеген ұрлардың торуылдайтын тағы бір басты нысаны – пәтерлер. Қазіргі таңда ұрлықтың едәуір бөлігін – пәтер ұрлығы құрайды.

Қылмысқа тосқауыл қою жолы – жаза. Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру, яғни ұрлық қылмысы үшін жаза Қылмыстық кодекстің 188-бабында көзделген. ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінде, яғни, үй-жайға заңсыз кіріп ұрлық жасағандарға мүлкін тәркілеп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас

бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген. Осы ретте біреудің үйіне рұқсатсыз кірудің өзі қылмысты ауыралататын мән-жай болып табылады.

«Ұрлық түбі – қорлық» деп бекер айтылмаған. Қылмыстың арты жақсылыққа апармасы анық. Біреудің тапқан табысын, адал еңбегін қанау барып тұрған азғындық. Сондықтан, оны ауыр қылмысқа жатқызу дұрыс тұжырым деуге болады.

Ұрлық – әдетке, әдет – әдепті бұзатын ауыр күнәға апарды. Бүгін тегін олжаға кенелгенмен, оның да сұрауы бар екенін ұмытпайық.

Айгүл ТОХБАСОВА,
Атырау қалалық
мамандандырылған тергеу
соты әкімшісінің бас маманы -
сот мәжілісінің хатшысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда осы сөзді үкіметке қарата айту керек деген. Шынында көп дүниелер содан басталу керек. Сонда ғана бізде белгілі бір дәрежеде үкіметке деген сенім пайда болады. Әйтпесе бұрынғы қалыптасқан жүйемен, шенділердің өзгермеген болмысымен біз ешқандай экономиканы болашаққа бағдарлай алмайтынымыз түсінікті деген тұжырымға келді.

– Мемлекет басшысы өз тапсырмаларын жүзеге асыратын Үкіметті құра алды ма?

– Президент тапсырмалар құрады. Сосын оларды орындау бойынша бағыт-бағдарлар беріледі. Нақты бұйрықтар шығарылады. Бірақ экономиканың даму үлгісі олай жүзеге аспайды. Керісінше төменнен, нақты кәсіби мамандардың ұсынысынан басталып Президент оны бекіту қажет. Содан кейін ондай құжат жүзеге асатын болу керек. Бізде бәрі аяқ астынан жасалады. Ананы істеу керек, мынау күйіп бара жатыр деген дүниемен, Президент нұсқауымен болып жатады. Сол себепті Президенттің тапсырмаларының экономика саласында орындалғаны 10-15 пайыз ғана шығар. Мұндайда бірден еске түсетіні – Ұлттық қордың балалар жобасының жүзеге асып, соңғы 2 жылда балалар шотына қаржы аударыла бастағаны. Одан басқа орындалды деп көрсететін дүние жоқтың қасы деп айтуға болады. Әрине мемлекеттен бөлініп жатқан шаруаларды қолдауға арналған субсидияларды да айтуға болар еді. Алайда ол қалай орындалып жатыр деген кезде мүлде басқа сипат алып жатыр.

– Мемлекет пен жекеменшік әріптестігі тек инфрақұрылымда ғана қалу керек. Мемлекеттік компаниялар бизнеске бәсекелес болмау керек дегенге қалай қарайсыз?

– Ол тұжырымға да келісуге болады. Мемлекет экономикаға араласпайтын кезде араласып, араласатын кезде араласпай отыратын жағдайы басым. Сондықтан мемлекет бизнеспен бәсекелеспей керек деген тұжырыммен толық келісем. Бизнеске мүмкіндік беріп, оған жағдай жасау керек. Инфрақұрылымдық және тағы басқа жағынан қамтамасыз етіп берсе бизнес ары қарай өзі алып кетеді көптеген дүниені. Ол көп қоғамдық мәселені шешуге атсалыса береді. Ал енді кейбір салалар бар басымдық беретін. Мысалға, экология, білім, ғылымға қатысты салаларға баруға, инвестиция салуға бизнес қатты құлшынбайды. Ондай жерлерде мемлекет пен жекеменшік әріптестігін түзуге болады деп ойлаймын. Ол белгілі бір дәрежеде сол саланы өсімге алып келіп отырғанын қазір көріп те отырмыз. Бір кезде республикада балабақша, мектеп жетіспеді. Қазір ол орындалып жатыр деуге болады. Жекеменшік мектептер мемлекеттік әріптестік негізінде жұмыс жасай бастады. Мұндай үлгілерді ғылым саласына да бұруға болады. Тек жеке бағытта ғана қалып қоймай, кім талдау, зерттеу орталықтарын ашам десе, оған да мемлекет серіктес бола алатындай қадамдар жасалу қажет. Мемлекеттің дамуына, бағыт-бағдарына, қандай салаларда біз басымдық бере аламыз деп. Ғылымның дамуына және бизнеспен коммерциялануына да бұл өзіндік септігін тигізетін еді.

– Бізде бюджет тапшылығы жоқ, бюджетті дұрыс

Бізге шын мәнінде ұлттық экономикалық модель керек. Осы арада Ұлттық дегенді баса айтқымы келеді. Өйткені біздегі бұған дейінгі модельдер көшірме немесе белгілі бір елдің үлгісі бойынша жасалған дүниелер. Олар модель күйінде қалып қойған. Өйткені біздің шынайы ешқандай пайдасы жоқ.



Мақсат ХАЛЫҚ, экономист, тәуелсіз сарапшы:

«БІЗГЕ ШЫН МӘНІНДЕ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ КЕРЕК»

жоспарлау ғана кемшін деген сын қаншалықты негізді?

– Иә. Ол анық дүние. Бізде шын мәнінде бюджетті дұрыс жоспарлау жоқ. Көптеген салаларда, әсіресе мемлекеттік құрылымдарда отырған экономистер көбінесе өткен жылдағы инфляцияны алады да келесі жылғы бюджеттің үстіне қосып соны мемлекеттік бюджеттен талап ететін қылып көрсете береді. Ондай бюджет қандай негізде өсіп отырғаны түсініксіз. Ол өсе беретін болса әрине бюджет тапшылығына алып келеді. Сондықтан бізге бюджетті жоспарлай алатын нағыз білікті мамандар керек екенін қазіргі заман көрсетіп отыр деп айтуға болады. Өйткені бізде қазір үкімет бюджет тапшылығын салықтарды өсіру арқылы шешуге тырысып жатыр. Егер бюджетті жоспарлау жағынан қарап, қандай шығындар қайда кетіп жатыр, ол шығындар өзін-өзі ақтайтын салаға кетіп жатыр ма деп оған терең үңіліп жатқан ешкім жоқ. Егер терең үңілетін болса, көп қаражаттың далаға шашылып жатқаны көрінетін еді.

– Сонда билік органдарының басында отырған шешім қабылдайтын адамдар елдегі нақты жағдайдан хабарсыз ба?

– Біздің кейбір басшылар бөлек әлемде өмір сүреді. Халқы бөлек әлемде өмір сүреді. Қазіргі қалыптасқан жағдай сондай. Неге десеңіз кейбір шенділер халықпен байланысқа түскісі келмейді. Түскісі келсе де, ондай қабілеті жоқ екені көрініп қалуда. Өйткені халықпен сөйле-

сетін кезде оның мәселесін білудің орнына оларға айқайлап тұрғанын, не болмаса журналистерден қашып жүргенін көреміз. Өзінің ұстанымын айта алмайтын, бағдарламасын түсіндіре алмайтын шенділердің бұл әрекеті шынайы жағдайдан алыс екенін айғақтады.

Екінші бір мәселе, статистикада үлкен қателіктер бар. Бұл статистика комитетінің жұмысы нашарлығынан деп айтпаушы едім. Үкіметтің статистикаға ықпал етіп, жағдайды жақсы көрсеткісі келуі сандардың шынайылығын бұзады деп ойлаймын. Экономист ретінде көріп отырған салалар – жұмыссыздық жөніндегі статистика қате. Ол жерде 5 пайыз деп көрсетілген. Кедейшілік туралы статистика да қате. Ол жерде де 5 пайыз деп көрсетеді. Демек біз шынайы жағдайда қанша адам жұмыссыз екенін білмей тұрып, қанша адам кедей екенін білмей тұрып, осы халықтың әлеуметтік жағдайын көтере алмаймыз. Қандай бағдарлама болмасын ол мәселені шешетін бағдарлама болмайды. Өйткені ол статистикадағы аз халықтың мәселесіне арналған бағдарлама. Сол үшін баяғы жартас – сол жартас. Қанша жыл өтсе де өзгермеген дүниені көріп отырмыз.

– Өзгерістің болмауы азаматтық қоғамның әлсіздігінен бе?

– Келісем. Бізде азаматтық қоғамның ықпалының әлсіздігі бар. Халқымыздың белсенділігі де өте төмен. Әсіресе, азаматтық белсенділік өте төмен. Оны сай-

лау үдерістерінде де көрдік. Өздері бізсіз шешеді ғой деген дүние бар. Ол үкіметке деген сенімнің төмендеп кеткенінің көрсеткіші. Сондықтан өзіне деген сенім жоқ болғандықтан халық осындай қадамдарға барып отыр. Биліктің халықтың алдында өзінің сенім индексын жоғалтқанын ең үлкен проблема деуге болады. Халық билік бәрібір өзгермейді, біз үшін бәрін өздері шешіп қояды деген сенімде. Халықтың азаматтық белсенділік көрсетпеуі халықтың тағдыры үшін өз саласын білмейтін мамандар мен шенділердің шешім жасауына құқық беріп отырғандығын көреміз.

– Қоғамдық келісім керек пе?

– Керек. Қоғамдық келісім демократиялық елдерде қажет емес дүние. Ол авторитариялы елдерге тән дүние деп айтылды экономикалық форумда да. Демокра-

құрып отырмыз деп ойлаймын. Біз өзіміздің құндылықтарымызға қараймыз керек. Халқымыздың, адами капиталдың ерекшелігіне. Қайдан шықтық, қандай ел болдық деген дүниенің бәріне талдау жасап, соның негізінде ұлттық деген құндылықтарға негізделген экономикалық модельді ұсынуымыз керек. Алаштықтар бізге өткен ғасырдың басында қандай экономика керектігін тұспалдап кеткен. Соның біраз элементтерін қазір де алуымызға болады.

– Жастардың шетелге кетіп жатқанының себебі неде?

– Біріншісі, өздерінің болашағын бұл елде елестете алмайды. Өздері бұл елде кім болып жұмыс жасайтынын көре алмайды. Өйткені бізде әділетсіздік жүйесі бар. Екінші, идеология жоқ. Ортақ сенім күші жоқ. Халыққа болашаққа деген сенім ұялату үшін, оны алға жетелеу үшін кәдімгідей зерттелген, тарихи тұрғыда байланған Алаш арыстарының озық үлгілерімен ұштасқан, сол идеяға негізделген жаңа экономикалық көзқарасқа негізделген болашаққа бағдарланған стратегия керек. Сонда шетелге кеткен азаматтар да елге қайтуға мүдделі болады. Өйткені ол жерде ұлттық құндылықтар тұр.

Әлемдік экономиканың дамуы осыдан 10 жыл бұрынғыдай болса біз ұлттық модельді қозғай алмайтын едік. АҚШ-та Дональд Трамп билікке келгенге дейінгі уақытта

құндылық жаһандану болатын. Ұлттық құндылықтар қатты бағаланбайтын. Бәрі интеграциялану керек, Дүнижүзілік сауда ұйымының төңірегінде даму керек деген дүниелер көп айтылатын. Қазір оның бәрін бір адам парша-паршасын шығарды. Керісінше бәрі оқшауланды маңыздылығын айтып жатыр. Бірігу емес, отандық экономиканың маңыздылығын айтып жатыр. Біз де айтуымыз керек ұлттық ерекшелік туралы.

– Экономикалық саладағы жаңа мамандар бізде мемлекетшілдік тұрғыдан дайындалып жатыр деп айта аламыз ба?

– Бәрінде емес. Қай жерде мемлекетшіл оқытушылар құрамы жинақталса, сол жерде ғана айтылып жатыр деуге болады. Қазір университеттер қоғамның дамуына, нақты еңбек нарығына керек, тіпті бизнеске қажет мамандарды дайындаудан қатты кенжелеп келе жатыр. Бұл жағынан олар бәсекеге қабілетсіз деуге болады. Сондықтан бұл салаларда да үлкен реформалар керек. Ғылыммен байланысты жоғары оқу орындарын құруда мемлекет пен жекеменшік серіктестігі керек сияқты. Бізде мектеп мұғалімдерінің жалақысы өсті де, университет оқытушыларында ол әлі де төмен. Кадрлар мектепке ауысты да, университетте кадр тапшылығы байқалуда.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПИКІР

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МЕРЕЙІ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ ТИІС

Тәуелсіз мемлекет атанғалы бері, ана тіліміздің қолданыс өрісі кеңейіп, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазіргі таңда мемлекеттік іс құжаттарында да, жалпы қоғамның барлық саласында қазақ тілі күнделікті қолданыс тіліне айналып келеді.

Мемлекеттік тіл – еліміздің бет-бейнесі. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашады. Өзгелерге мемлекет ретінде танылғымыз

келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз қажет. Өйткені, тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны анық. Тарихта алдымен тілін жоғалтып, содан соң өздері жоғалған ұлттар жетерлік. Тарихқа көз жүгіртсек, қандай ел болмасын бостандық

алғаннан соң ең бірінші ана тілінің мәселесін шешеді. Осы орайда тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап тіліміздің мәселесінің алдыңғы орынға шығуы құптарлық дүние. Атап өтер жайт, еліміздің сот саласында да мемлекеттік тілдің өзіндік орны қалыптасып келеді. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепіліне айналып отыр. Яғни тараптардың бірі сот отырысын қазақ тілінде өткізуді қаласа, оның талабы ескеріледі. Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы

белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге де құқылы. Бұл еліміздің сот жүйесінде мемлекеттік тілдің мәртебесі, құқығы ескеріліп отырғанын аңғартады. Жалпы, қоғамымызда қазақ тілінің мәртебесі қашан да жоғары болуы тиіс. Тіл тек қазақ ұлтының ғана емес, осы елді мекендеген барлық ұлттың ортақ, түсінісу тіліне айналып, өз мерейін сақтауы қажет. Сонда ғана тәуелсіздігіміз де өміршең болмақ!

Илиада ДОСОВА,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Сапарғали ЖҰМАҒҰЛОВ, Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы:

«ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТҮРМЕЛЕРДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТЕДІ»

– Сапарғали мырза, Түркістан облысы мен Шымкент қаласының түзеу мекемелерінде сотталған азаматтардың білім алуына қандай мүмкіндіктер қарастырылған? Жазасын өтеушілерге кәсіптік білім беру қалай жүзеге асырылады? – Жазасын өтеушілердің белгілі бір мамандықты меңгеруі олардың бостандыққа шыққаннан кейін қоғамға бейімделуін жеңілдетіп қана қоймай, жаңа өмір бастауына да мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстандағы түзеу мекемелерінде кәсіптік оқыту жүйесі біртіндеп жетілдіріліп, арнайы білім беру бағдарламалары енгізілуде. Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы түзеу мекемелерінде сотталған азаматтарға бірнеше бағыт бойынша кәсіптік білім беру ұйымдастырылған. Бұл оқу бағдарламалары сотталғандардың қабілетіне, қызығушылығына және еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес жасалып, арнайы оқу орталықтары арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, тігін өндірісінде әйелдер мен ер адамдарға арналған тігіншілік курстары жүргізіледі. Олар киім-кешек, төсек-жабықтарын тігу, өндірістік жұмыс киімдерін дайындау бойынша кәсіби дағдыларды меңгереді. Ағаш өңдеу – жиһаз жасау, ағаш шеберлігіне үйрету курстары қарастырылған. Бұл бағыт сотталғандарды сұранысқа ие кәсіптермен қамтамасыз етіп, олардың еңбекке араласуына мүмкіндік береді. Металл өңдеу және дәнекерлеу – темірден түрлі бұйымдар жасау, дәнекерлеу ісін меңгеру бойынша арнайы сабақтар өткізіледі. Бұл мамандық бойынша оқыған азаматтардың бостандыққа шыққаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары. Сондай-ақ, қарапайым құрылыс жұмыстары, сылақшы, электрик және сантехник мамандықтарын меңгеруге де жағдай жасалуда. Кәсіптік білім беру бағдарламаларының басты мақсаты – сотталған азаматтардың қоғамда өз орнын табуына жағдай жасап, олардың қайта қылмысқа бармауына ықпал ету. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, оқу бағдарламалары одан әрі жетілдірілетін болады. – Түрмеде отырғандардың еңбекпен қамтылуы қандай деңгейде? Олар өндірістік немесе кәсіпкерлік қызметпен айналыса ала ма? Бұл бағдарламалардың экономикалық және тәрбиелік әсері қандай? – Негізі, еңбекпен айналысу сотталғандардың психологиялық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, олардың қоғамға қайта қосылуына, әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға және бостандыққа шыққаннан кейін жаңа өмір бастауына мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесінде сотталғандарды еңбекке баулу шаралары кеңейтіліп, түзеу мекемелерінде өндірістік және кәсіп-

керлік қызметті дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Сотталған азаматтарға кәсіпкерлік қызметпен айналысу мүмкіндігі де қарастырылған. Оларға белгілі бір кәсіпті игеруге және шағын өндірістік қызмет түрлерін бастауға жағдай жасалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар түзеу мекемелері мен жеке кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылып, сотталғандардың кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Кейбір мекемелерде арнайы оқыту бағдарламалары жүргізіліп, сотталғандар бостандыққа шыққаннан кейін өз ісін бастауға мүмкіндік беретін сертификаттарға ие болуда. Еңбек бағдарламаларының экономикалық тиімділігі де айтарлықтай. Біріншіден, сотталғандар өндірістік жұмыспен айналыса отырып, мемлекет алдындағы айыппұлдарын және жәбірленушілерге келтірілген материалдық шығындарды өтеуге мүмкіндік алады. Екіншіден, олардың еңбекақысының белгілі бір бөлігі өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмсалады. Бұл түзеу мекемелеріндегі өмір сүру жағдайларын жақсартып, сотталғандардың өз-өзін материалдық жағынан қамтамасыз етуіне жағдай жасайды. Ал тәрбиелік әсері одан да маңызды. Жазасын өтеу барысында еңбекпен айналысқан адамдардың қоғамға қайта бейімделу деңгейі жоғары болады. Олар белгілі бір мамандықты игеріп, бостандыққа шыққаннан кейін жұмыс табуға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде олардың қайта қылмысқа бару ықтималдығын төмендетеді. Сонымен қатар, еңбекке дағдылану – адамның мінез-құлқына оң әсер етіп, өз еңбегінің жемісін көруге үйретеді, жауапкершілік сезімін оятады. – Қылмыстық-атқару жүйесінде қызметкерлердің кәсіби дайындығы қалай жетілдірілуде? Олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша қандай нақты шаралар қабылданып жатыр? – Қылмыстық-атқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі – осы саладағы қызметкерлердің кәсіби дайындығы мен әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты. Қызметкерлердің моральдық-психологиялық тұрақтылығы, олардың білім деңгейі мен тәжірибесі түзеу мекемелеріндегі тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан соңғы жылдары бұл салада мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру және әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында жүйелі шаралар қолға алынуда. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру үшін арнайы тренингтер, қайта даярлау курстары мен біліктілікті арттыру бағдарламалары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындары мен арнайы дайындық орталықтары базасында қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне арналған курстар өткізіліп, олар заманауи құқық қорғау стандарттарына сай білім алады. Бұл курстарда теориялық біліммен қатар,

тәжірибелік дағдыларға да баса мән беріледі. Сонымен қатар, қызметкерлерді психологиялық тұрғыдан дайындау мәселесі де назардан тыс қалмайды. Түрме жағдайында жұмыс істеу психологиялық төзімділікті қажет ететіндіктен, қызметкерлер үшін стресске төзімділік, дағдарысты жағдайларды басқару, конфликтология және медиация бойынша арнайы оқыту бағдарламалары енгізілуде. Қызметкерлердің өзара қарым-қатынасын жақсарту, кәсіби этиканы сақтау, сотталғандармен дұрыс жұмыс жүргізу бойынша да арнайы әдістемелік оқулар өткізіледі. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет ететін мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсарту – мемлекет тарапынан ерекше бақылауда тұрған мәселе. Бұл бағытта бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылып келеді. Ең алдымен, жалақыны кезең-кезеңімен көтеру және оларды жұмыс жүктемесіне сай әділ белгілеу мәселесі жолға қойылған. Қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын арттыру мақсатында тұрғын үймен қамтамасыз ету, жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларға қатысу,

ОҢ ҚАДАМ

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ

Ақтөбе облыстық соты мен Ақтөбе облысы әкімдігінің мемлекеттік тіл саясатын дамыту саласындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру аясында Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Қазақ тілі» кабинеті ашылды. Бұл шараның мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, судьялар мен сот мамандарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін одан әрі арттыру, қазақтың салт-дәстүрлерін, тұрмыс мәдениетін дәріптеу. «Қазақ тілі» кабинетінің ашылу салтанатына Ақтөбе облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Е.Төлеев, алқа судьялары, ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Ізтай, Ақтөбе об-



лысының тілдерді дамыту басқармасының мамандары қатысты. Шараға қатысушылар құттықтауларын айтып, өз лебіздерін білдіріп, кітаптар табыс етті, тіл мәселесіне қатысты баяндамалар оқылды. Сонымен қатар, сот мамандары өз шығармашылығынан өлең жолдарын оқып, домбырамен ән салды. Анар ШЕКЕНОВА, Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

АСЫЛ МҰРА

МІНДЕТ ПЕН МЕЖЕ

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың саңадаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруымыз керек. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды ұрпақ болашағы, ұлттық мүдде үшін қазақ тілін жаңғыртуға жан-жақты жағдай жасалатындығына тоқталған болатын. Ендеше, тіл саясаты – мемлекеттік саясат, ол егеменді еліміздің берік арқауы, демографиялық, әрі саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ықпалды күш. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тұғырын биіктету жолында әрбір қоғам мүшесі, осы елдің азаматы үлес қосуы тиіс. Мемлекеттік тілдің негізгі әрі басты мәселелері Конституция жүзінде, «Тіл туралы» заң жүзінде шешімін тапқанымен, күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғандай, тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру үшін оны әлі де жетілдіріп, толықтыра түсу қажеттілігі туындап отыр. Солардың бірі – мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді білу жөнінде міндеттің қойылуы. ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ұйымдастыруымен жыл сайын Қазақстанның әр аймағында мемлекеттік қызметшілердің тілдік білім деңгейлерін анықтау мақсатында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілінен тестілеу сынақтары жүргізіліп отырған болатын. Елімізде мемлекеттік тілді оқытатын орталықтардың саны бүгінде артқан. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін жүргізетін орталықтар тілдік білім деңгейлерін анықтайтын ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша оқыту бағдарламасын жүзеге асырады. Қазақстанда азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ арқылы қазіргі таңда алдын ала байқау сынақтары арқылы белгілі бір топтағы (мекеме қызметкерлері, басшылық, жекелеген тапсырыс берушілер және т.б.) адамдардың қазақ тілін қандай деңгейге жақын меңгергендігі туралы мәліметті оперативті түрде анықтауға болады. Осының негізінде кімді қандай топта қазақ

арнайы әлеуметтік пакеттер ұсыну сияқты бастамалар қолға алынуда. Сондай-ақ, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерін медициналық сақтандыру, жеңілдетілген зейнетақы бағдарламаларына енгізу секілді әлеуметтік қамсыздандыру тетіктері қарастырылуда. Бұл саладағы жұмыс физикалық әрі психологиялық төзімділікті талап ететіндіктен, еңбек жағдайын жақсарту, жұмыс уақытын оңтайландыру және қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша да жүйелі өзгерістер енгізіліп жатыр. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби дайындығы мен әлеуметтік жағдайын жақсарту – олардың жұмыс сапасына, жүйедегі реформалардың тиімділігіне тікелей әсер ететін факторлар. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, қызметкерлердің білімін жетілдіру мен әлеуметтік жағдайын жақсарту шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. – Сандық технологиялар мен цифрландыру қылмыстық-атқару жүйесіне қандай өзгерістер әкелді? Түрмелерде цифрлық бақылау жүйелері мен электронды қызметтер қалай енгізілуде? – Сандық технологияларды енгізу ең алдымен бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға, қызметкерлердің жұмысын жеңілдетуге және сотталған азаматтардың құқықтарын сақтау процесін автоматтандыруға бағытталған. Бүгінде электронды бақылау жүйелері, бейнебақылау және онлайн қызметтер біртіндеп енгізіліп, қылмыстық-атқару жүйесінің жұмысын оңтайландыруға ықпал етуде. Түрмелерде бейнебақылау жүйелері толық жетілдіріліп, сотталғандардың іс-әрекеттерін үздіксіз қадағалау мүмкіндігі артты. Бейнебақылау камераларының заманауи үлгілермен жаңартылуы арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу, сотталғандар арасында тәртіп бұзу фактілерін азайту, сондай-ақ қызметкерлердің заңға қайшы әрекеттерін болдырмау тетіктері күшейтілді. Сонымен қатар, электрондық білезіктер мен геолокациялық бақылау жүйелері пробация қызметінде кеңінен қолданылуда. Бұл сотталғандардың қозғалысын бақылауға, олардың белгіленген аумақтан шықпауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық технологиялар қоғамдық қауіпсіздікті күшейтудің тиімді құралына айналууда. Цифрлық технологияларды енгізу нәтижесінде жазасын өтеушілердің жағдайын бақылау, пробация қызметін жетілдіру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқық бұзушылықтардың санын азайту секілді маңызды нәтижелерге қол жеткізілуде. Бұл жүйе сотталғандарды қадағалаудың тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік бейімделу процесін де жеңілдетеді. Сұхбаттасқан Қуаныш ӘБІЛДӨҚЫЗЫ, «Заң газеті»

Өмірхан ЖҰБАТҚАНОВ, Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

